

ОӘЖ 372.878

Оспанова Нургуль Канатовна

Семей қаласы, Балалар өнер мектебі, оқытушысы
e-mail: ospanovanurgul1979@gmail.com

Кожаква Рыскен Базаровна

Семей қаласы, Балалар өнер мектебі, оқытушысы
e-mail: ospanovanurgul1979@gmail.com

МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

Бұл мақалада ой толғаныстары, көңіл-күй тек тіл, сөз ғана арқылы емес, музыка арқылы бере алатындығы айтылған. Онда жас маманның жан-жақты пайдалануына қажетті әдіс-тәсілдер туралы берілген. Музыка пәніне қатып-қалған ұғым түсініктер тұрғысынан шығармашылық кеңінен қолданылады. Мақалада мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, дүниетанымы қандай болу керек екендігі ескерілген. Ұсынылып отырған мақала жас маманға көмекші болып келеді.

Түйін сөздер: музыка пәнін оқыту, оқыту ерекшеліктері, оқыту әдістемесі, музыкалық аспаптар

В этой статье говорится, что мысли, настроения могут быть переданы только через язык и слова, но и через музыку. Дается анализ о методах, необходимых для всестороннего развития молодого специалиста. Понятие музыки широко используется в различных концептуальных терминах. В статье дается как должен вести себя учитель и каким должен быть его кругозор. Предлагаемая статья является методической помощью для молодого специалиста.

Ключевые слова: обучение музыке, особенности обучения, методика обучения, музыкальные инструменты

In this article, it is said that, for example, the setting can only be transmitted through the original language and lyrics, but rather through music. There are also analyzes on the methods, the most up-to-date for the development of the youngest specialist. The music is widely used in various conceptual terminologies. In the article it is necessary to tell the teacher what to do and what to do. The proposed article is a methodical vocabulary for the youngest specialist.

Keywords: music teaching, learning features, teaching methods, musical instruments

Музыка пәннің мұғалімі-оқыту барысында оқушы бойында музыка мәдениетін қалыптастырушы маман.

Мұғалім оқу мен тәрбиені мектептерде қойылатын талаптарды басшылыққа ала отырып береді. Ол музыка бағдарламасы бойынша сабақ жүргізу барысында оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдісін таңдап ала отырып, оқу жоспарын орындайды.

Мұғалімнің педагогикалық даярлығы-оқушыларға музыкалық тәрбие беру міндетін шешу жолындағы қажетті шарт болып табылады.

Мұғалімнің ұйымдастырушылық қабілеті. Мектептегі бала музыкамен үнемі қатынаста болып (музыка тыңдап), онымен бірге, қатар өмір сүргенде ғана музыкалық тәрбие өз мақсатына жете алады. Егер бала сабақта ғана музыкамен қатысты болумен шектеліп қалса, онда музыкалық тәрбиенің біржақты жүргізілгені. Сондықтан, мектептің тәрбие жұмысындағы музыканың рөлі тиісінше бағаланып, мектептің күнделікті өмірінде музыка мәдениетінің қалыптасуына үйірмелер, мектепте ұйымдастырылған концерттер, кештер орын алуы тиіс. Мұндай жұмыстарды жүзеге асыруда музыка мұғалімі басты тұлға болғандықтан оның ұйымдастырушылық қасиетінің шешуші рөлі бар екендігі түсінікті. Мұғалім-сыныптан тыс

жұмыстармен бірге ең алдымен сабақта оқушыға жүйелі білім мен эстетикалық тәрбие беруді ұйымдастырушы.

Мұғалімнің шығармашылық қиялы. Мұғалім бойында қалыптасқан бұл қасиет- оқушы қызығушылығын арттыратын бірден-бір құрал. Сабақта, музыка апталығында, сыныптан тыс музыкалық мерекелерде (патриоттық әндер мен жас ұландар әндерінің конкурстары, табиғатқа байланысты музыкалық шығармалар кештері, т.б) ұйымдастырылған музыкалы-дидактикалық ойындар, ребустар мен викториналық сұрақтар оқушының музыкалық қабілетін арттырып, дүниетанымын кеңейтеді.

Бастауыш сыныптың оқушылары берілген білімді бойына тез сіңіреді. Баланың осы қасиетін уақытында тиімді пайдалану үшін оның музыканы түсініп тыңдау, орындау қабілеттерін жетілдіруге тек музыка сабағында ғана емес, басқа пәндерде де көңіл бөлінсе, тәрбие өз жемісін бермек. Бұл баланың сезімталдық қасиетіне оң әсерін тигізеді сөзсіз. Пәнаралық байланысты орынды және жүйелі жүргізе білу мұғалімнің қиялы мен ой-өрісіне тікелей байланысты.

Мұғалімнің тіл байлығы. Музыка тыңдатар алдындағы немесе тыңдатып, талдатып болғаннан кейінгі оқушылар жауабын толықтыру

ретіндегі мұғалімнің түсіндіріп айтқан сөзі, тілі кіші жастағы оқушыларға түсінікті, әрі тартымды болуы қажет. Музыкалық шығарманы талдату барысында мұғалімнің мағынасы жатық сұрақтар құрай алу дағдысы да сабақта шешуші рөл атқарады. Жаңа білімді меңгерту жолындағы танымдық сұрақтарды қоя білу мұғалімнің тіл байлығы мен педагогикалық шеберлігіне байланысты. Дұрыс қойыла білген танымдық сұрақтар оқушыларды ойландырады, музыкалық шығарма хақында өз пікірін айта білуге баулып, қиялын дамытады.

Мұғалімнің жан-жақты білімі мен дүниетанымы. Мұғалімнің сабақта берілетін материалға байланысты білімі әлдеқайда кең шеңберде болуы керек. Себебі, сабақтың тақырыбы немесе шығарма жөнінде оқушы тарапынан қойылатын кез келген тосын сұраққа жауап бере алуға дайын болмаса, оқушы алдында оның беделі төмендейді. Кейде оқушы сұрағының жауабын жете білмеген күнде де, келесі жолы жан-жақты түсіндіріп беріп, оқушыны қанағаттандыра алса, бұл жағдайда мұғалім беделі түспейді, қайта оқушының ұстазына деген ризашылық сезімі оянады. Шығарманың шығу тарихы, композитордың өмірі мен шығармашылығы, өмірге, қоғамға көзқарасы, оның балалармен қарым-қатынасы, балалық шағы- оқушыларды көбіне қызықтыратын осы мәселелер. Мұғалім сабақта бұлар жөнінде қайдан алып оқуға болатынын бағыттап отырса, баланың кітапқа құмарлығы, өз бетінше іздену дағдысы дамиды, музыкалық танымы кеңейеді.

Мұғалімнің зерттеу жұмысын жүргізе білуі-баланың дамуына сай музыкалық білім мен тәрбиені беруде шешуші фактор. Мұғалім өз жұмысының барысында міндетті түрде әр балаға зерттеу жұмысын жүргізіп, оны күнделікті талдап отырады. Талдау барысында оқыту принциптеріне сүйене отырып баланың дамуына оң әсерін тигізетін әдіс-тәсілдерді таңдап, қай әдістің тиімді нәтиже бергенін, оның оқушылардың қай тобына ауыр, қай тобына жеңіл болғанын анықтап, шешеді. Осы жолда газет, журнал беттерінде көтеріліп жатқан педагогтық тәжірибелер мен әдістемелерден көмек алуы, әріптестері мен пікір алысуы мұғалім бойындағы ізденімпаздық қасиетті танытады.

Қоршаған ортадағы, қоғамдық өмірдегі өзгерістерге байланысты қойылып отыратын жаңа талаптардың күнбе-күн өсуі мұғалімнің

өмірден кенже қалмай, білімін үнемі жетілдіруін қажет етеді.

Оқушылар сабақта радио мен теледидардан естіген әндерін айтуға құмар келеді. Сондықтан, музыка бағдарламасы үнемі тақырып мазмұнын аша алатындай әндер мен шығармаларды таңдап алу арқылы толықтырылып отыруы қажет.

Жоғарыда аталғандардан басқа, мұғалімнің баланы жақсы көруі, талап қоя білуі, сөйлеу мәнері, жүрісі, киімі, баламен тіл табысып, онымен тең сөйлесіп, бағалай білуі сияқты-мұғалімнің сабақтағы іс-әрекетінің бәрі баланың музыкалық бейімділігін арттыра түседі.

Музыкалық аспаптың бірін жақсы меңгеру. Д.В.Кабалевский бұл жөнінде: «Мұғалім игеретін барлық дағдының ішінен аспапта ойнауды айрықша атауға болады. Хор, оркестр, опералық көріністен, т.б алынған үзінділерді әрине механикалық жазбасыз (күйтабақ, магнитофон таспасы) тыңдату мүмкін емес. Бірақ, бұл мұғалімнің аспапта тікелей орындауын толықтыру ретінде ғана қолданылуы керек. Мұның кемінде үш бағытты маңызы бар: біріншіден, аспапта тікелей орындау эмоциональдық атмосфера тудырады; екіншіден, аспапта орындалған шығарманы кез-келген сәт тоқтатуға, кез-келген бөлігін, тіптен жекелеген тактісін бөліп алып қайталауға немесе басынан бастап қайта тыңдауға мүмкіндік алады; үшіншіден, музыкалық аспапта орындаудың маңызды әрі қызықты екенін іс жүзінде көрсетуі өз шәкірттеріне үлгі-өнеге болады» деп көрсетеді. Оқушылар мұғалім ойнайтын баян немесе фортепианода бірден ойнап кете алмайды. Ал, балаларға арналған жеңіл-желпі кішкентай аспаптарда ойнауға оқушылар құмар-ақ. Сабақта бұл аспаптардан ансамбль, шағын оркестр ұйымдастыру мұғалімнен бірнеше аспаптан хабардар болуды қажет етеді. Бастауыш сыныптағы балалар оркестрі көбіне оларға арналған қарапайым аспаптардан (бубен, үшбұрыш, кастаньетта, әртүрлі қоңыраулар, барабан, үскірік, металафон, ксилофон, т.б) құрылғандықтан бұл аспаптардың құрылысы мен ерекшелігін мұғалімнің білгені жөн.

Музыка сабағындағы оқытудың негізгі әдістері. Музыканы оқыту процесі- оның мазмұнының, әдістері мен ұйымдастырылу амалдарының біртұтастығы болып табылады. Музыканы оқыту әдісін-оқушылардың танымдық қызметіне басшылық ету жолындағы мұғалімнің қолданатын іс-шарасы деп түсіну қажет.

Сөздік әдіс. Бұған әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу әдістері жатады. Бұл әдістер тақырыптың мазмұнын, мәнін ашуға, оқушыны музыка мазмұнын түсінуге, дұрыс орындауға үйрету үшін қолданылады.

Түсіндіру әдісі. Бұл әдіс көрнекілік пен әңгімелеу жеткіліксіз болған кездерде қолданылады. Мысалы, нота сауаты бойынша белгілі бір кестені іліп қойып сол арқылы оқушыдан сұраққа қолма-қол жауап алу мүмкін емес. Сондықтан түсіндіруге тура келеді. Баланы аспап түрлерімен таныстырғанда, оған аспапты көрсете салу жеткіліксіз, ойнағанда дыбыс қалай шығатыны, оның құрылысы жөнінде қосымша мағлұмат беріледі: «Домбыра- қазақтың ұлттық төл аспабы». Оны аталарымыз ағаштан ойып жасаған, домбыраның шанағы мен мойны бар. Шанағының бетінде кішкентай тесік дыбыс шығару үшін ойылған. Екі ішегі бар, оның төменгі жағы шанаққа, жоғары жағы екі құлаққа бекітілген. Бірі босаң *ре* дыбысына, екіншісі қатқыл *соль* дыбысына келтіріледі. Дыбысты дұрыс келтіруде шанақ бетіндегі ішектің рөлі зор, ал енді одан белгілі бір сазды ойнау үшін мойнына пернелер тағылған» деген сияқты түсінік беріледі.

Музыкалы дидактикалық ойын шарты үнемі осы әдісті пайдалану арқылы оқушы санасына жеткізіледі.

Әңгіме әдісі. Әңгіменің мазмұны баланың жас шамасы мен түсінігіне сай құрылады. Бастауыш сыныптың оқушыларына айтылған әңгіменің балаға әсері оның көлемінің шағын, қызғылықты оқиғаға құрылуына да байланысты. Баяндалған оқиғаны өз басынан кешіргендей, дауыс интонациясын құбылта әңгімелеген жөн. Мысалы, П. Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен «Ағаш солдаттар маршын» тыңдап, оның ойыншықтар маршы екенін түсіндіргеннен кейін: «Балалар, бұл маршты П. Чайковский деген композитор жазған. Ол балаларды өте қатты жақсы көрген. Композитордың немересі болған. Сол немересінің ағаш солдаттарына арнап жазған екен. Ағаш солдаттар сияқты жүріп көрейікші!»- деп әңгімеге тарту дұрыс.

Әңгіме әдісі сабақпен бірге, сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстың бірі- лекция-концерттер өткізуде қолданылады. «Әңгімелеу оқушылардың ерекшелігіне қарай, жайырақ қарқынмен, шағын музыкалық шығарманы көбірек талдап, оның әрбір бөлігін

қорытындылай отырып жасалады. Мысалы, қазақтың халық әнші-композиторлары жөнінде лекция-концерт ұйымдастырылса, олардың балалық шағынан алынған қызғылықты сәттері мен балаларға арналған шығармаларына көбірек тоқталған жөн.

Әңгімелесу әдісі. Әңгімелесу әдісі- оқытудың сұрақ-жауап тәсілі. Ол музыка сабағының барлық кезеңдерінде проблемалық мәселені шешуге бағыттау үшін кеңінен пайдаланылады. Әңгімелесу жаңа тақырыпты меңгерту мақсатында, музыкалық шығарманы оқушылардың бұрынғы біліміне негіздей отырып түсіндіруге тура келген жағдайда жүргізіледі. Бұл жағдайда мұғалім тыңдалған жаңа материал бойынша әңгіме бастап, оқушылардың өздері табуға немесе түсінуге болатын жаңа ұғымдарды аңғаруын ұйымдастырады.

Әңгімелесу әдісінің тиімді жері- білімді меңгерудің қай кезеңінде болсын, оқушының ойының дұрыстығын бағалауға мүмкіндік береді, уақытты ұтымды пайдалануға да жол ашады.

Көрнекілік әдісі. Қазіргі педагогикада оқу материалын меңгеруді көрсету арқылы жақсартуға мүмкіндік беретін оқу құралы *көрнекі құрал* деп аталып жүр. Оған сурет, портрет, сызба, диафильм, кинофильм, нота тексі, әннің сөздік тексі, аспаптарды көрсету, т.б жатады.

Музыканың өзіндік ерекшелігі, күрделілігі сол- балада оны тек есту арқылы қабылдау мүмкіндігі ғана бар. Сондықтан, қабылдауды жеңілдетуге басқа да мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануды ойластыру қажет.

Көрнекі құралдарды пайдалану ойын үстінде музыка оның мәнерлілік мүмкіндігі жөнінде түсінік сезімдер жүйесін ажыратуға мүмкіндік береді. Көрнекілікті пайдалану арқылы баланың музыкалы-сенсорлық мүмкіндігі, сонымен бірге жалпы музыкалық сезіну қабілеттері дамиды. Көрнекі құралдардың көмегімен орындалған музыкалық тапсырма баланың іс-әрекет жасауға баулиды, яғни, бұл жұмыс ой-толғаныс тудырарлық сипат алады.

Мұндай әдісті пайдалану үшін ең алдымен мұғалім мәселені шешуде қойылатын сұрақтар жүйесін баланың даму деңгейі мен музыкалық білім көлемін ескере отырып жасауы керек.

Қай әдіс қолданылса да жан-жақты ойластырылып, орынды пайдаланғанда ғана ол нәтижесін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие беру әдістері. Алматы қ. 2012. – 320 б.
2. Домбыра үйрену мектебі. Алматы «Өнер» 1983. – 350 б.

Оспанова Нургуль Канатовна

Лауазымы: бөлім меңгерушісі, Балалар өнер мектебі, Семей қаласы,

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Байтұрсынова 67А

Ұялы телефон: 8 705 500 38 24

e-mail: ospanovanurgul1979@gmail.com

Кожакова Рыскен Базаровна

Лауазымы: домбыра сыныбының оқытушысы, Балалар өнер мектебі, Семей қаласы,

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Байтұрсынова 67А

Ұялы телефон: 8 701 318 72 68

e-mail: ospanovanurgul1979@gmail.com

Музыкалық тәрбие берудегі мұғалімнің дайындық дәрежесі

Оспанова Нургуль Канатовна

Должность: заведующая отделом, Детская школа искусств г. Семей,

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г. Семей, ул. Байтұрсынова 67А

Сотовый телефон: 8 705 500 38 24

Кожакова Рыскен Базаровна

Должность: учитель класса домбры, Детская школа искусств г. Семей,

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г. Семей, ул. Байтұрсынова 67А

Сотовый телефон: 8 701 318 72 68

Степень подготовки учителя в музыкальном воспитании

Ospanova Nurgul Kanatovna

Position: Department Head, Children's Art School of Semey,

Mailing address: Republic of Kazakhstan, Semey, st. Baytursynova 67A

Cell phone: 8 705 500 38 24

Kozhakova Rysken Bazarovna

Position: kind teacher, Children's Art School of Semey,

Postal address: Republic of Kazakhstan, Semey, st. Baytursynova 67A

Cell Phone: 8 701 318 72 68

The degree of teacher training in music education